

"Жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 259 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 415 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда № 22724 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 259 (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16512 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 16 наурызда жарияланған) бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын код жіктеуіштері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кедендік сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру жіктеуіші;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мәміле сипатының жіктеуіші;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес сыртқы экономикалық мәмілелер ерекшеліктерінің жіктеуіші;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тауарларға арналған декларацияның 33-бағанының екінші және үшінші бөлімдерінде толтырылатын зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар кодтарының жіктеуіші;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес зияткерлік меншік объектілері құқықтарын қорғау бойынша электрондық өтінішті беру үшін қолданатын, құжаттардың және мәліметтердің жіктеуіші бекітілсін.";

осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 5 және 6-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 415 бұйрыққа
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 21 ақпандағы
№ 259 бұйрығына
5-қосымша

Тауарларға арналған декларацияның 33-бағанының екінші және үшінші бөлімдерінде толтырылатын, зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар кодтарының жіктеуіші

Кодтар	Сипаты
I0100	Зияткерлік меншік объектілері жоқ тауарлар
I0110	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне және Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар
I0200	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне және Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізілмеген зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 415 бұйрыққа
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 21 ақпандағы
№ 259 бұйрығына
6-қосымша

Зияткерлік меншік объектілері құқықтарын қорғау бойынша өтінішті электрондық беру үшін қолданатын, құжаттардың және мәліметтердің жіктеуіші

Кодтар	Сипаты
I0001	Зияткерлік меншік құқығының бар екендігін және тиесілілігін растайтын құжаттар

I0002	Құқық иеленуші өзінің мүдделерін білдіретін тұлғаға берген сенімхат
I0003	Құқық иеленушінің немесе құқық иеленушінің мүдделерін білдіретін өзге тұлғаның мүліктік зиянды өтеу туралы міндеттемесі
I0004	Өтініш иесінің басқа тұлғаларға зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыру шарты
I0005	"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 461-бабына сәйкес басқа құжаттар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК